БЕКІТЕМІН
«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директорының м.а.
_____ **Б.Абдикерова**
«_24_» _10_ 2020 ж.

Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің оқытушылары арасындағы «ШАБЫТ ШАТТЫҒЫ» атты V аймақтық орындаушылық шеберлік қашықтық байқауының
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. «Шабыт шаттығы» аймақтық байқауы (бұдан әрі -байқау) «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында өткізіледі.

1.2. Осы ереже балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің оқытушылары арасындағы қашықтық байқауының орындаушылық шеберлігінің мақсаты мен міндеттерін, байқауды өткізу тәртібін, бағалау критерийлерін, жеңімпаздарды марапаттауды айқындайды.

1.3. Қашықтықтан өтетін байқаудың ұйымдастырушылары: Қарағанды облысының білім басқармасы, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. **Мақсаты:** қашықтықтан оқыту кезеңінде балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының педагог-музыканттарының шығармашылық әлеуетін қолдау, педагогтың имиджін қалыптастыру.

2.2. **Міндеттері:**

– балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің оқытушыларының қызметін ынталандыру және кәсіби шеберлігін арттыру;

– балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің оқытушылары арасында тәжірибе алмасу

–

3. Байқауға қатысушылар

3.1. Қашықтықтан өтетін байқауға өнер мектептері мен музыка мектептерінің педагогтары келесі номинациялар бойынша қатысады:

- «Жеке орындаушы» - аспаптық орындаушылық (фортепиано, гитара, орыс халық, үрмелі, ішекті, соқпалы аспаптары және т. б.), жеке ән айту (академиялық, эстрадалық вокал); концертмейстермен немесе концертмейстерсіз бағалау;

- «Ансамбльдер» (кіші формалар-дуэттер, трио, квартеттер және т.б. 8 адамға дейін, онда концертмейстер-ансамбль қатысушысы);

- «Педагог-концерттік орындаушы» (Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестікте жұмыс істейтін педагогтар үшін).

3.2. «Жеке орындаушы» номинациясы бойынша жас ерекшеліктері: 1 санат – 35 жасқа дейін (қоса алғанда), 2 санат -35 жастан жоғары.